

2002 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 наурыз N 379

"Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 наурыздағы N 394 P010394_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2002 жылға арналған көлем:

мемлекеттік азық-түліктік астық резерві 500 000 (бес жүз мың) тонна мөлшерінде;

мемлекеттік жемдік астық ресурстары 15 000 (он бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;

мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 120 000 (бір жүз жиырма мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;

мемлекеттік сатылатын астық ресурстарына сатып алу 450 000 (төрт жүз елу мың) тонна мөлшерінде белгіленсін.

2. 2002 жылға арналған пайдалану көлемі:

мемлекеттік жемдік астық ресурстары 15 000 (он бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;

мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 120 000 (бір жүз жиырма мың) тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК